

Арал қаласының көшелері мен түйығын қайта атау туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы N 8-қ қаулысы және Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 қаңтардағы N 282 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 ақпанда N 5362 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Қызылорда облыстық ономастикалық комиссиясының 2015 жылғы 12 желтоқсандағы № 4 қорытындысына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Арал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе бөлігіне өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 11.04.2024 № 52-қ бірлескен қаулысы және Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 11.04.2024 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Арал қаласының мына көшелері мен түйығы:

- 1) Н.Гоголь көшесін Қазыбай Қошқаровтың есімімен;
- 2) М.Кутузов көшесін Махамбетали Жарымбетовтың есімімен;
- 3) Ш.Уәлиханов түйығы Дабыл Сахиевтың есімімен қайта аталсын.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал ауданы әкімінің
міндетін атқарушы
сессиясының төрағасы
М. Оразбаев
Арал аудандық
мәслихатының хатшысы
К. Данабай

Арал аудандық мәслихатының
кезектен тыс қырық алтыншы

А. Бөлекбаев